

¹Жұбаназарова Н.С., ²Умирзакова Г.К.

¹п.ғ.к., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhubanazarova@mail.ru

²әлеуметтік ғылымдар магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulzar88.kz@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖЕТКІНШЕКТЕРІНІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер келешек ұрпақтың тұлғалық қалыптасу процесі мен олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейіне айтарлықтай ықпал етуде. Бұл әсіресе ішкі қарама-қайшылықтармен сипатталатын жеткіншектік кезеңде орын алады.

Жеткіншектік кезең өзіндік сана мен мінез-құлықтың қалыптасуы, өзіндік бағалау мен өзіндік қатынастың дербес, тәуелсіз жүйесінің өңделуі. Осындай жағдайлар дамудың осы кезеңіндегі өзіндік бағалау мәселесіне кеңінен тоқталуға негіз болды. Сонымен қатар, түрлі психологиялық және әлеуметтік факторлармен қатар, өзіндік бағалау баланың әлеуметтенуі мен қоғамдық мінез-құлық нормаларының қалыпты жүзеге асуына зор ықпал етеді.

Мақалада қазіргі заман жеткіншектерінің тұлғалық дамуындағы психологиялық ерекшеліктеріне, «өзіндік бағалау» түсінігінің мәні, құрылымы мен қызметтеріне теориялық талдау жасалып, сол теориялық білімнің негізінде өзіндік бағалаудың құрылымдық үлгісі құрылды және оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі жағдайындағы жеткіншектердің өзіндік бағалау ерекшеліктерін анықтау көзделді. Соның негізінде 7-10 сынып оқушыларының өзіндік бағалау ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар, бұл ғылыми жұмыстың отбасында жеткіншектердің өзара қатынасы мен өзара түсіністігін жақсарту мақсатында және жеткіншектермен жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлау ісінде қолданылу қажеттілігі зор болып табылады.

Түйін сөздер: жеткіншектік кезең, өзіндік сана, өзіндік бағалау, «Мен» бейнесі, мінез-құлықтық автономия, құрбылармен қарым-қатынас.

¹Zhubanazarova N.S., ²Umirzakova G.K.

¹Candidate of psychological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: zhubanazarova@mail.ru

²Master of social Sciences, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: gulzar88.kz@mail.ru

Features of self-esteem of a modern teenager

Socio-economic changes in modern society have a significant impact on the formation of the personality of the future generation and the level of their socio-psychological adaptation. This occurs in adolescence, characterized by contraindications. Adolescence includes such complex changes as the formation of self-awareness and behavior, self-esteem and the development of an independent, independent system of self-esteem and self-esteem. Such conditions provided the basis for a broad discussion of evaluation at this stage of development. At the same time, along with various psychological and social factors, self-esteem contributes to the normal implementation of the socialization of the child and the norms of social behavior.

The article reveals the essence of the concept of "self-esteem" of psychological characteristics of a modern teenager in the personal development of a modern teenager, forms a structural model of self-esteem on the basis of these theoretical knowledge and defines the characteristics of self-esteem of adolescents in modern conditions of training and education. On its basis, the features of self-assessment of students in grades 7-10. It is also important to apply this scientific work to improve the interaction and understanding of adolescents in the family and to train teachers working with adolescents.

Key words: adolescence, self-knowledge, self-esteem, image "I", autonomy of behavior, relationships with peers.

¹Жұбаназарова Н.С., ²Умирзакова Г.К.

¹к.п.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhubanazarova@mail.ru

²магистр социальных наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gulzar88.kz@mail.ru

Особенности самооценки современных подростков

Социально-экономические изменения в современном обществе оказывают существенное влияние на формирование личности будущего поколения и уровня их социально-психологической адаптации. Это происходит в подростковом возрасте, характеризующемся противоречиями.

Подростковый возраст включает в себя такие комплексные изменения, как формирование самосознания, поведения, развитие самостоятельной системы самоотношений и самооценки. Такие условия послужили основой для широкого обсуждения оценки на данном этапе развития. Вместе с тем, наряду с различными психологическими и социальными факторами, самооценка способствует нормальному осуществлению социализации ребенка и норм общественного поведения.

В статье раскрываются сущность понятия «самооценка», ее структура и функции, психологические характеристики современных подростков в личностном развитии, на основе этих теоретических знаний формируется структурная модель самооценки и определяются особенности самооценки подростков в современных условиях обучения и воспитания. На ее основе рассмотрены особенности самооценки учащихся 7-10 классов. Кроме того, важно применять эту научную работу в целях улучшения, взаимодействия и понимания подростков в семье и подготовки педагогических кадров, работающих с подростками.

Ключевые слова: подростковый возраст, самопознание, самооценка, образ «я», автономия поведения, отношения со сверстниками.

Кіріспе

Жеткіншектік кезең – бұл балалықтан жастық кезеңге ауысатын өтпелі саты. Жеткіншектік кезеңде баланың танымдық психикалық процестері дамып, оның тұлғасы қалыптасады, қызығушылықтарында айтарлықтай өзгерістер орын алады. Бала дамудың бұл кезеңінде балалық шақтан дербес және жауапты ересек өмірге өтумен ерекшеленеді, яғни жеткіншектік кезең балалық пен ересектік кезеңнің арасын қамтиды. Физиологиялық деңгейде өзгерістер жүреді, ересектер мен құрдастарымен қатынасы өзгеше құрылады, танымдық қызығушылықтарының, ақыл-ойы мен қабілеттері өзгеріске ұшырайды. Құрдастарымен қарым-қатынастары байсалды бола бастайды. Жеткіншектер бірлескен іс-әрекетпен айналысып, өмірлік маңызды тақырыптарды қозғайды, ал ойын болса өткен шақта қалады.

Жеткіншектік кезеңде физикалық дамумен қатар баланың бойында когнитивті танымдық процестердің қарқынды жүзеге асуы орын алады. Психикалық танымдық процестердің дамуы екі жақты: сандық және сапалық сипатта жүреді. Сандық өзгерістер бойынша, бала интеллектуалды тапсырмаларды ерте мектеп жасындағы баламен салыстырғанда анағұрлым тез, оңай және тиімді шеше алады. Сапалық өзгерістер ой

процесінің құрылымында көрініс табады. Сондықтан, психикалық танымдық процестер құрылымындағы өзгерістерді әсіресе интеллектуалды сала бойынша аңғаруға болады. Жеткіншектік кезеңде баланың теориялық ойлауы дамиды. Ерте мектеп жасында игерілген операциялар осы кезеңде формальды-логикалық операцияға (Ж. Пиаже бойынша формальды операциялар кезеңі) ауысады. Бұл кезеңдегі баланың ойлау қабілетінің дамуы төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады:

– ақыл-ой тапсырмаларын шешуде болжамға сүйене білу қабілеті;

– жалпылама идеяларды талдауға, ой-пікірлердің логикалық қарама-қайшылығын және қателіктерін іздеуге деген қабілеттілік (Краковский, 1970);

Жеткіншектік кезде баланың көңіл-күйі құбылмалы келеді. Дегенмен, жеткіншек кіші мектеп кезіндегімен салыстырғанда өз сезімдерінің көрініс табуын өзі басқара алады. Мектеп кезіндегі түрлі жағдайларды (нашар баға алу, нашар мінез-құлқы үшін ұрыс есту) ол үрей, толқу секілді сезімдер арқылы жасыруға тырысады. Бірақ, белгілі бір жағдайлар (мұғалімдермен, ата-анасымен, достарымен кикілжің) баланың мінез-құлқында ырықсыздықтың (импульсивтіліктің) пайда болуына әсер етеді (Драгунова, Эльконин, 1967). Балаға әсер еткен ауыр

жағдайларда, қатты көңілі қалып, ренжіген кездерінде үйінен қашып кету, тіпті өзін-өзі өлтіру секілді әрекеттерге де баруы мүмкін. Осындай кездері балаға аса қажет болып саналатын құрбыларымен қарым-қатынасының рөлі өте ерекше.

Құрбыларымен қарым-қатынас – бұл мінез-құлық нормаларының құрылып, жаңа қызығушылықтардың пайда болуының негізгі қайнар көзі. Бұл жеткіншектер арасында достық қарым-қатынасқа, бірін-бірі түсінуге, қолдауға, сырларын сақтауға деген белгілі бір қажеттіліктердің туындауымен байланысты.

Құрбылармен қарым-қатынас – жеткіншек тұлғасының қалыптасуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Мұндай қажеттілік шамамен 4-5 жастан бастау алып, жеткіншек кезеңде шарықтау шегіне жетеді. М.Шовеннің пікірінше, құрбылармен қарым-қатынас – бұл жеткіншектердің коммуникациясы мен өзара әрекеттестігінің ерекше формасы, ол адам қоғамының барлық кезеңінде болған және болады да.

Жеткіншектік кезеңде бала автономияға ұмтылады, яғни өзінің дербестігіне, тәуелсіздігіне қол жеткізуге деген қажеттілік туындап, өзіне ересек адамның міндеттері мен құқықтарын қабылдай бастайды. Автономияның екі түрін бөліп көрсетуге болады:

Мінез-құлықтық автономия – сыртқы ортаның басқаруынсыз-ақ өзіндік шешім қабылдаудағы тәуелсіздікке, еркіндікке қол жеткізу.

Эмоционалды автономия – ата-аналарға деген эмоционалды тәуелділіктен құтылу (Раис, 1999).

Жеткіншектің мінез-құлқында орын алатын өзгерістер Р. Хавигурсттың еңбектерінде кеңінен сипатталған. Мұндай өзгерістерге жеткіншектің өзінің физикалық күйіне бейімделуі, ересектік жыныстық рөлге қол жеткізуі, қарсы жыныстағы адамдармен ересектік қатынас орната білуі, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы, мінез-құлқына ықпал ететін құндылықтарды қалыптастыруы, әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуы, мамандық тандап, кәсіби іс-әрекетке дайындалуы, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі, отбасылық өмірге даярлануы жатады. Бұл міндеттердің нәтижелі шешілуі жеткіншектің ақыл-ой сферасының дамуы, өзіндік санасының кеңеюі арқылы қамтамасыз етіледі. Жеткіншектің ақыл-ой сферасының дамуы психикалық дамудың орталық ядросын құрайды және тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Жан Пиаженің пі-

кірінше, жеткіншек біріншіден, өзін ересек адам ретінде қабылдайды, екіншіден, өзінің болашағы туралы ойлап, өмірлік жоспарлар құра бастайды. Яғни, Ж. Пиаже жеткіншектік кезеңде тұлға қалыптасып, өмір бағдарламасы құрылады деген пікірді ұстанады (Пиаже, 1932).

Жеткіншектік кезеңде баланың «Мен» бейнесі дамиды, мінез-құлықты реттеудің негізі ретіндегі өзіндік бағалау қалыптасады. Осы кезеңдегі баланың өзіндік бағалауы өзіндік таным, өзін-өзі тәрбиелеу секілді процестерге және жалпы тұлғаның дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Жеткіншек өзінің сыртқы келбетіне үйреніп, тәнінің тұрақты бейнесін қалыптастырады, сыртқы келбетін қабылдап, соған сәйкес талаптану деңгейін тұрақтандырады. Біртіндеп бірінші орынға «Мен» бейнесінің жаңа сапалары шыға бастайды – олар қоршаған ортамен қатынастың және іс-әрекеттің нәтижелілігіне әсер ететін ақыл-ой қабілеттері, еріктік және моральдық сапалар.

Жеткіншектік кезеңнің физиологиялық және психологиялық өзгерістері, жеткіншектің өмір сүру образы, өзіндік санасының қалыптасуы сынды сұрақтар көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың қызығушылығын тудырған. Мәселен, М. Мидтің пікірінше, жеткіншектік кезең қарапайым өркениетте әр түрлі уақытты қамтиды, кейде бірнеше айлармен шектелуі мүмкін (Друганова, 1976). Л.И. Божович атап көрсеткендей, барлық жеткіншектерге өзін түсіну және қалаған бейнеге қол жеткізу қажеттілігін тудыратын рефлексия тән. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандырмау жеткіншектік дағдарысқа әкеп соғады (Божович, 1995). И.С. Кон мына бір сөзінде жеткіншектің бейнесін ашуға тырысқан: «Жеткіншек – бұл болашақ тұлғаның жобасы, аяқталған портретте әрқашан орын алатын эскиз, сызба». К. Левин жеткіншектік кезеңнің дағдарысын қоғаммен байланыстырады, оның пікірінше, қоғамда екі топ өмір сүреді: балалар тобы және ересектер тобы. Жеткіншек осы екі топтың арасында қалады, балалар тобына қосылуды қаламайды, ал ересектер тобы оны қабылдауға дайын емес (Кулагина, 1997).

Жеткіншектің тұлғалық дамуындағы маңызды мәселелердің бірі – өзіндік сананың қалыптасуы. Ол психикалық іс-әрекеттің күрделі сапасы ретінде көрініс табады және тұлғаның үздіксіз даму процесін көрсетеді (Рубин, 1979). Ал, өзіндік сананың негізгі компоненті болып табылатын өзіндік бағалау тұлғалық дамуда ерекше сатыны құрайды (Чеснокова, 1977).

Өзіндік бағалау – бұл тұлғаның өзін, өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін, сапалары мен басқа адамдар ортасындағы өз орнын бағалауы. Өзіндік бағалау белгілі бір деңгейде тұлғаның белсенділігін, өзіне және басқа адамдарға деген қатынасын анықтайды (Липкина, 1976).

Ғылыми әдебиеттерде өзіндік бағалаудың үш деңгейі көрсетілген:

1. Жоғарғы деңгей – тұлғаның өзін асыра бағалаумен ерекшеленеді және қоршаған ортамен кикілжіңге әкелуі мүмкін. Ол күмәнданушылық, кінә артқыш, тіпті агрессивтілік секілді қасиеттерді туындатады.

2. Қалыпты (адекватты) бағалау – өзін-өзі білу, басқаларға деген қалыпты қатынасты ұстану. Бұл адамның өзін, өз қабілеттері мен әрекеттерін, адами сапаларын шынайы тұрғыдан бағалауы болып табылады. Қалыпты бағалау адамның өзіне сыни көзбен қарауға, түрлі қиындықтарда өз күш-жігерін дұрыс бағыттай алуға, қоршаған ортаның талаптарына сәйкес келуге мүмкіндік жасайды.

3. Төменгі деңгей – өз-өзіне деген сенімсіздік, үрей, қобалжу секілді сезімдерді қалыптастырады. Баланың өзіндік бағалауының төмен болуы оның өзіне ғана емес, оның айналасындағы адамдар өміріне де жағымсыз әсер етеді. Бала өзін бақытты сезінуі үшін өзі туралы оң пікірде болуы тиіс (Савонько, 1969).

Өзіндік бағалау жеткіншектің мінез-құлқына, іс-әрекеті мен қоршаған ортамен қарым-қатынасына, баланың тұлғалық дамуына ықпал ете отырып, реттеуші және қорғаныс қызметтерін атқарады. Өзіне деген құрметті, өзіне қанағаттану немесе қанағаттанбау сезімдерінің деңгейін көрсете отырып, өзіндік бағалау жетістіктері мен сәтсіздіктерін қабылдауға, белгілі бір деңгейде мақсат қоюға негіз бола алады. И.С. Коң, А.И. Липкина, Е.А. Свонько, А.М. Прихожан, Е.А. Серебрякованың пікірінше, жеткіншек жасы өзіндік бағалауын қалыптастыру үшін қолайлы.

Қазіргі психология ғылымында жеткіншектердің өзіндік бағалауы 2 бағыт аясында қарастырылады:

Өзіндік бағалауды, оның қалыптасуын іздестірумен байланыстыратын бағыт;

Өзіндік бағалаудың құрылымын және олардың өзара байланысын қарастыратын бағыт (Маслова, 2000);

Жеткіншектік кезеңде өзіндік бағалау ішкі жаңа құрылымдардың бірі болып табылады және агрессиялық мінез-құлықты өзгертеді. Осы кезеңдегі өзіндік бағалау төмендегідей құрылымдық компоненттерден тұрады:

Өзін құрметтеу;

Өзіне деген эмоциялық қатынас;

Өз жетістіктерін сезіну;

Өзін оперативті бағалау (Соловьева, 1973);

Жеткіншектік кезеңде баланың өзін-өзі бағалау процесі төмендегідей ерекшеліктерден тұрады:

Ерте жеткіншектік кезеңнен ересек жеткіншектік кезеңге дейін өзіндік бағалаудың мазмұндық саласы тереңдей түседі және бала оқу іс-әрекетіне қарағанда өзінің физикалық сапаларына, құрбыларымен қарым-қатынасына көп көңіл бөледі.

Жеткіншектің өзін сынау қабілетінің артуына байланысты оның өзіндік бағалауы анағұрлым қалыпты деңгейге түседі, жеткіншек өзінің жағымды сапаларымен қатар, жағымсыз қасиеттерін табуға қабілетті келеді.

Өзін-өзі бағалауда моральдық сапалар, қабілеттер мен ерік анық аңғарыла бастайды;


Баланың сыртқы бағалаудан ішкі бағалауға өту процесі орын алады;

Өзіндік бағалау жеткіншектің іс-әрекет табыстылығына және ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық деңгейіне әсер етеді, оның қарым-қатынас жасау процесін реттейді;

Өзін-өзі бағалаудың қалыпты деңгейде болмауы балада деликвентті мінез-құлықтың көріністерін туындатуы мүмкін;

Олай болса, жеткіншектік кезеңде баланың өзіндік санасы белсенді қалыптасады, өзін-өзі бағалаудың және өзіне деген қатынастың дербес жүйесі құрылып, өзінің ішкі әлеміне үңілу қабілеті дами түседі. Осы кезеңде бала өзінің қабілеттерін танып, қайталанбастығын түсінеді. Баланың санасында сыртқы бағалаудан ішкі бағалауға бағдарлану процесі арта түседі. Нәтижесінде, мінез-құлықтың одан ары құрылуын қамтамасыз ететін өзіндік «Мен» концепциясы қалыптасады.

Сонымен, өзіндік бағалау өзіндік даму деңгейі мен факторларды, компоненттер мен формаларды қамтитын, белгілі бір қызметтерді атқаратын өзіндік сананың маңызды бір компоненті. Осы тақырып аясындағы ғылыми теориялық білімімізді негізге ала отырып, өзіндік бағалаудың құрылымдық үлгісін жасадық (1-сызба).



1-сызба – Өзіндік бағалаудың құрылымдық үлгісі

Талқылаулар мне зерттеу нәтижелері

Психология ғылымында адамның тұлғалық сапаларын, психикалық күйлерін, өзіндік бағалауын зерттеуге бағытталған әр түрлі әдістемелер бар. Біз қазіргі заман жеткіншектерінің өзіндік бағалауын зерделеу мақсатында С.А. Будассидың әдістемесін басшылыққа алдық. Зерттеуімізге орта мектептің 7-10 сынып оқушыларынан 60 бала қатысты. Олардың ішінде: 15 бала – оралман, 15 бала – жергілікті, 15 бала – толық емес отбасынан, 15 бала – толық отбасынан шыққан. Барлық сыналушылардың жауап парақтарын өңдеп, нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргіздік. С.А. Буддасидің тұлғалық сапаларды зерттеу әдістемесі жеткіншектердің өзіндік бағалауына сандық зерттеу жүргізуге, яғни оны өлшеуге мүмкіндік береді.

Нәтижені өңдеудің негізгі мақсаты – «идеалды Мен» және «шынайы Мен» ұғымдарына тән тұлғалық сапаларды бағалаудағы байланысты анықтау. Әдістеме назарға алынатын 48 тұлғалық сапаны қамтиды және үш кезең бойынша жүргізіледі (1-кесте). Жеткіншек бұл сапалардың ішінен идеалды адамда болу керек 20 қасиетті таңдап алады. Енді осы таңдалған сапаларды жағымсыздық деңгейі бойынша бағалап, бағаны d_1 колонкасына 1, 2, 3, 4... сандарымен белгілеп шығу керек. Әрі қарай таңдалған сапаларды жеткіншектің өз бойында көрініс табу деңгейі бойынша бағалауы жүзеге асады. Ол d_2 колонкасына 1, 2, 3, 4... сандарын белгілеу арқылы орындалады (Будасси, 1977). Бір санның бірнеше рет қайталанып кетпеуіне аса мән берілуі керек.

1-кесте – Тапсырмадағы 48 сапа

1. Ұқыптылық	17. Иланғыштық	33. Тақуалық
2. Бейғамдық	18. Баяулық	34. Ақкөңілділік
3. Терең ойлылық	19. Қиялшылдық	35. Әдепсіздік
4. Зеректік	20. Күмәншілдік	36. Пайымдаушылық

5. Күйгелектік	21. Өшпенділік	37. Өзіне деген сыншылдық
6. Тәкаппарлық	22. Сенімділік	38. Ұстамдылық
7. Дөрекілік	23. Өжеттілік	39. Адалдық
8. Адамгершіліктік	24. Нәзіктік	40. Жанашырлық
9. Қайырымдылық	25. Тартыншақтық	41. Ұяттылық
10. Шат көңілділік	26. Ұстамсыздық	42. Іскерлік
11. Қамқорлық	27. Тартымдылық	43. Еңбекқорлық
12. Қызғаншақтық	28. Өкпелегіштік	44. Қорқақтық
13. Ұяңдық	29. Сақтық	45. Сенімділік
14. Кекшілдік	30. Ықыласты	46. Құмартушылық
15. Шынайылық	31. Күмәншылдық	47. Тасжүректілік
16. Қыңырлық	32. Ұстанымдылық	48. Эгоистік

Нәтижені өңдеудегі негізгі мақсат – тұлғалық сапалар арасындағы байланысты анықтау. Байланыс шамасы рангтік корреляция коэффициентінің көмегімен анықталады. Коэффициентті анықтау үшін алдымен әрбір сапа бойынша $d_1 - d_2$ рангтерінің айырмашылығын анықтап, алынған нәтижені зерттеу хаттамасындағы d бағанына енгізу керек. Әрбір алынған мәннің квадратын тауып $(d_1 - d_2)^2$, оны d^2 бағанына жазу қажет. Сосын, рангтердің айырмашылық квадраттарының ортақ шамасы ($\sum d^2$) есептеліп, ол формулаға енгізіледі: $r = 1 - 0,00075 \times \sum d^2$ (1), мұндағы r – корреляция коэффициенті (тұлғаның өзіндік бағалау деңгейінің көрсеткіші).

Сонымен қатар, бұл әдістеменің нәтижесін Спирмен формуласы бойынша да есептеуге болады: $r = 1 - (6\sum d^2 / (n^3 - n))$ (2), мұндағы n – қарастырылып отырған сапалар (біздің жағдайымызда $n=20$) (Будасси, 1977). Әдістеменің бұл нұсқасында $n=20$ екендігін ескере отырып, біз есептеуді (1) формуласы бойынша жүзеге асырдық.

Нормативтер:

1. Егер, $r +1$ -ге ұмтылса, бұл өзіндік бағалаудың жоғарғы деңгейін, «шынайы Мен»

және «идеалды Мен» арасындағы жағымды байланысты білдіреді. $r +0,9$ -дан $+1$ аралығын қамтыса, бұл өзіндік бағалаудың шамадан тыс жоғарғы деңгейі.

2. Егер, $r -1$ -ге ұмтылса, бұл өзіндік бағалаудың төменгі деңгейі. Бұл «идеалды Мен» және «шынайы Мен» арасындағы жағымсыз байланыстың немесе сәйкессіздіктің көрсеткіші. $r -1$ -ге жақындаған сайын сәйкессіздік шамасы арта түседі.

3. $-0,5 < r < +0,5$ болған жағдайда, өзіндік бағалау – қалыпты.

Жеткіншектің жауап парағы (үлгі ретінде талданатын хаттама) (2-кесте).

Зерттелушінің аты-жөні:

Смағұлова Гүлім

Сыныбы: 8 «б», Жасы: 14, Жынысы: қыз

Отбасылық жағдайы:

толық отбасы толық емес отбасы (әкесі немесе анасы жоқ).

Әлеуметтік жағдайы:

жергілікті оралман

2-кесте – Сыналушының жауап парағы


d_1	Тұлға сапалары	d_2	Ранг айырмашылығы – $d = (d_1 - d_2)$	d^2
6	1. Ұқыптылық	1	5	25
9	17. Иланғыштық	7	2	4

7	22. Сенімділік	2	5	25
8	27. Тартымдылық	6	2	4
10	32. Ұстанымдылық	8	2	4
11	34. Ақкөңілділік	20	-9	81
1	38. Ұстамдылық	9	-8	64
12	39. Адалдық	19	-7	49
14	40. Жанашырлық	10	4	16
5	41. Ұяттылық	18	-13	169
13	42. Іскерлік	4	9	81
15	43. Еңбекқорлық	3	12	144
17	45. Сенімділік	11	6	36
2	3. Терең ойлылық	5	-3	9
16	8. Адамгершіліктік	14	2	4
3	9. Қайырымдылық	12	-9	81
18	11. Қамқорлық	13	5	25
19	15. Шынайылық	15	4	16
20	24. Нәзіктік	17	3	9
4	18. Баяулық	16	-12	144
				$\Sigma d^2 = 990$

Енді алынған нәтижені формулаға саламыз: $r = 1 - 0,00075 \times 990 = 1 - 0,7 = 0,3$. Демек, көрсеткіш бойынша бұл сыналушының өзіндік бағалауы қалыпты деңгейде екендігі анықталды.

Келесі кезеңде қазіргі заман жеткіншектерінің өзіндік бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін біз зерттеуге алынған 60 баланы отбасылық жә-

не әлеуметтік жағдайы бойынша жіктеп, әрбір жеткіншектің жауап парағын өңдеп, зерттеу хаттамасын толтырдық. Толық және толық емес отбасынан шыққан, сонымен қатар оралмандар мен жергілікті балалардың зерттеу нәтижелерін саралап, әрқайсысының пайыздық өлшемін анықтадық.



1-сурет – толық және толық емес отбасынан шыққан жеткіншектердің өзіндік бағалау ерекшеліктері (%)


Зерттеу нәтижесі бойынша, толық емес отбасынан шыққан балалардың көп бөлігі өзіндік

бағалаудың төменгі деңгейін көрсетті (1-сурет). Біздің ойымызша, бұл баланың отбасындағы мате-

риалдық жағдайынан, ата-ананың тәрбиесі мен қарым-қатынасынан, әке немесе ана махаббатының жеткіліксіздігінен, өзін басқа құрбыларымен тең ұстамаудың салдарынан болатын жағдай. Сондықтан, мұғалім мұндай оқушыларға ерекше көңіл бөлу керек. Себебі, өзіндік бағалаудың тө-

менгі деңгейде болуы баланың тұлғалық өсіп-жетілуіне кедергі келтіріп, оның бойында «жеткіншектік комплексті» туғызуы мүмкін.

Әлеуметтік жағдай бойынша да жеткіншектердің өзіндік бағалауынан біршама ерекшеліктерді анықтадық (2-сурет).



2-сурет – Жергілікті және оралман жеткіншектердің өзіндік бағалау ерекшеліктері (%)

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, оралман жеткіншектердің басым бөлігі жергілікті балалармен салыстырғанда өзіндік бағалаудың жоғарғы деңгейін көрсетті (2-сурет). Бұл олардың өз-өзіне деген сенімділігін, жан-жақтылығын, өз алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек ететіндіктерін байқатады.

Бүгінгі таңда С.А. Буддасидің бұл әдістемесі тұлғаның өзіндік бағалауын зерттеуде кең қолданысқа ие. Бұл әдістеме бойынша өзіндік бағалаудың деңгейі мен адекваттылығы анықталады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы бізге төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

Жеткіншектік шақтағы тұлғаның өзіндік бағалауына сандық және сапалық тұрғыда отбасы құрамы, әлеуметтік деңгейі, гендерлік ерекшеліктер ықпал етеді.

Отбасы құрамына сәйкес толық және толық емес отбасындағы жеткіншектердің өзін-

дік бағалау ерекшеліктері түрлі деңгейлермен сипатталады.

Жергілікті балаларға қарағанда оралман жеткіншектер өздерін, өзінің тұлғалық сапаларын белгілі бір деңгейде жоғары бағалайды.

Өзіндік бағалаудың жас ерекшелік динамикасы анықталды: ең жоғары өзіндік бағалау – 9 сыныпта, ең төменгі өзіндік бағалау – 7-8 сыныптарда, қалыпты өзіндік бағалау – 10 сыныпта.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, жеткіншектік шақ – тұлғаның қарқынды даму кезеңі екендігін ерекше атап өткіміз келеді. Еліміздің қазіргі даму деңгейіне сәйкес жеткіншектердің өзіндік бағалау құрылымына ықпал ететін жаңа өмірлік жағдайлар құрылуда. Отбасындағы материалдық жағдай, ата-ананың тәрбиесі, баламен қарым-қатынас жасау сипаты жеткіншектің тұлғалық қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Мұндай жағдайлардың барлығы баланың тұлғашылық әлеміне ықпал етіп, оның өзіндік бағалау ерекшелігін қалыптастырады.

Әдебиеттер

- Краковский А.П. О подростках. – М.: Прогресс. 2010. – 272 с.
 Драгунова Т.В., Эльконин Д.Б. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков. – М.: Наука, 1967. – 156 с.
 Раис Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб.: Питер. 2011. – 296 с.
 Пиаже Ж. Речь и мышление. – М.: Просвещение. 2012. – 92 с.
 Друганова Т.В. Подросток. – М.: Эксмо-Пресс. 2016. – 96 с.
 Божович Л.И. Избранные психологические труды. – М.: Просвещение. 2015. – 352 с.

- Кулагина И.Ю. Возрастная психология. – М.: Эксмо-Пресс. 2007. – 176 с.
- Рубин А.А. Генезис и структура самосознания личности: Автореф. дисс. ... канд.психол.наук. – 1979. – 219 с.
- Чеснокова И.И. Проблема самосознания в психологии. – М.: Эксмо-Пресс. 2007. – 144 с.
- Липкина А.И. Самооценка школьника. – М.: Эксмо-Пресс, 2006. – 94 с.
- Савонько Е.И. Оценка и самооценка как мотивы поведения школьников разного возраста // Вопросы психологии. 1969. – №4. – С.107-117.
- Маслова Е.А. Психологическая природа самооценки, место самооценки в структуре самосознания личности: Автореф. ... канд.психол.наук. – Новосибирск, 2010. – 123 с.
- Соловьева А.Е. Самооценка как фактор воспитания в юношеском возрасте: Автореф. ... дисс.канд.пед.наук. – М., 1973. – 19 с.
- Будасси С.А. Способ исследования количественных характеристик личности в группе // Вопросы психологии. 1977. – №2. – С.133-143.

References

- Krakow A.P. (2010) O podrostkah [About teenagers]. Moscow: Progress, 272 p.
- Dragunova T.B., El'konin D.B. (1967) Vozrastnye i individual'nye osobennosti mladshih podrostkov [Age and individual characteristics of Junior adolescents]. M.: Science, 156 p.
- Rais F. (2011) Psihologiya podrostkovogo y iunosheskogo vozrasta [Psychology of adolescence and youth]. Piter, 296 p.
- Piazhe J. (2012) Rech' i mishlenie [Thinking and speech]. M.: Education, 92 p.
- Dragunova T.B. (2016) Podrostok [Teen]. M.: Eksmo-Press, 96 p
- Bojovich L.I. (2015) Yzbrannye psihologicheskiye trudy [Selected psychological works]. M.: Education, 352 p. Kulagina I. Yu. (2007) Vozrastnaya psychologiya [Developmental psychology]. M.: Eksmo-Press, 176 p.
- Rubyn A.A. (1979) Genezis i struktura samosoznanya v psychologiyi. Avtoref. dyss. ... cand.psychol.nauk. [Genesis and structure of self-consciousness: dis. ... cand. ps. sciences]. L., 219 p.
- Chesnokova I.I. (2007) Problema samosoznaniya v psychologiyi [The problem of consciousness in psychology]. M.: Eksmo-Press, 144 p.
- Lypkina A.I. (2006) Samooc'enka shkol'nika [Self-esteem of the student]. – M.: Eksmo-Press, 94p.
- Savon'ko E.Y. (1969) Oc'enka y samooc'enka kak motivy povedeniya shkol'nikov raznogo vozrasta [Evaluation and self-assessment as the motives of students of different age]. Questions of psychology, no 4, pp. 107-117.
- Maslova E.A. (2000) Psihologicheskaya priroda samooc'enki, mesto samooc'enki v structure samosoznaniya lichnosty. Avtoref. dyss. ... cand.psychol.nauk [The psychological nature of the self, a place of self-esteem in the structure of consciousness of the person: dis. ... cand. ps. Sciences]. Novosibirsk, 123p.
- Solov'eva A.E. (1973) Samooc'enka kak factor vospitaniya v iunosheskom vozraste: Avtoref. dyss. ... cand.psychol.nauk [The raised from self as a factor in education in adolescence: dis. ... cand. ps. Sciences]. M., 19 p.
- Budassi S.A. (1977) Sposob issledovaniya colychestvennyh harakteristik lychnosti v grupe [Method of research quantitative characteristics of personality in the group]. Questions of psychology, no 2, pp. 133-143.